

Қызылорда облысында тауарлық және сұйытылған мұнай газын тұтыну нормаларын бекіту туралы

Қызылорда облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 39 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 маусымда № 5026 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қызылорда облысында тауарлық және сұйытылған мұнай газын тұтыну нормалары бекітілсін.

2. "Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.Н. Әлібаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2015 жылғы "15" маусымдағы
№ 39 қаулысына қосымша

Қызылорда облысында тауарлық және сұйытылған мұнай газын тұтыну нормалары

№	Шарттар сипаттамасы	Ө л ш е м бірлігі	Бір адамға орташа айлық тұтыну нормасы
1	2	3	4
1.	Газбен жабдықтаған кезде тұрмыстық тұтынушыларда газ плитасы немесе орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау болған жағдайда: тауарлық газымен	бір адамға текше метр	10
2.	Газбен жабдықтаған кезде тұрмыстық тұтынушыларда газ плитасы және газ су қыздырғыш болған жағдайда (орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау болмаған жағдайда): 1) тауарлық газымен	бір адамға текше метр	18,5

	2) сұйытылған мұнай газымен		10,8
3.	Газбен жабдықтаған кезде тұрмыстық тұтынушыларда газ плитасы болған және орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау және газ су қыздырғыш болмаған жағдайда:	бір адамға текше метр	12,5
	1) тауарлық газымен		
	2) сұйытылған мұнай газымен		10,8
4.	Ғимараттарды жеке жылыту:	бір шаршы метр жылыту алаңына текше метр	9,6
	тауарлық газымен		

Ескертпе: "Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы Заңының 1 - бабы 38 - тармақшасына сәйкес тұтыну нормасы - есепке алу аспаптары жоқ тұрмыстық тұтынушылар үшін өздері тұтынған тауарлық немесе сұйытылған мұнай газының орташа айлық көлемін көрсететін есептік шама.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК